

Беркін ҚҰРМАНБЕКОВ



# ЖӘҢГІР ХАН ЖӘРМЕҢКЕСІ



Ақтөбе – 2011

УДК 94 (574)

ББК 63.3 Қаз

Қ 77

Құрманбеков Беркін.

**Қ 77 Жәңгір хан жәрмеңкесі.** Ақтөбе, «А-Полиграфия»,  
2011. – 120 б.

ISBN 978-601-7273-51-4

Бөкей Ордасының 210 жылдығына арналған бұл кітапта Жәңгір хан бастамасымен ашылған жәрмеңкенің даму кезеңдері баяндалған.

Кітап мектеп оқушылары, студенттер, мұғалімдер және тарихты сүйетін оқырман қауымға арналған.

УДК 94 (574)

ББК 63.3 Қаз

ISBN 978-601-7273-51-4

© «А-Полиграфия», 2011.



## АЛҒЫ СӨЗ

Биыл Бөкей Ордасының құрылғанына 210 жыл толады. Сонымен қатар Бөкей сұлтанның хан атанып, таққа отырғанына 200 жыл болады. Бұдан 170 жыл Бөкей Ордасында жаңа типті мектеп ашылды. Сондай - ақ заман талабына сай Новая Казанка, Таловка сияқты отырықшы сипаттағы елді мекендердің бой көтергеніне де 140 жыл болды.

Бұл тарихи оқиғалардың тек қана Бөкей Ордасының ғана емес, тұтас Қазақстан тарихында ерекше орын алатыны ақиқат.

Қазақстан тарихнамасында Жәңгір ханның саяси – экономикалық және әлеуметтік салаларда атқарған қызметтеріне екі жақты пікірдің қалыптасқаны белгілі.

Заман талабына сай тарихи оқиғалар мен тұлғаларға берілетін баға мен тарихи – идеологиялық өлшем бірліктердің өзгеріп отыруы объективті заңдылық.

Жәңгір ханның мемлекеттік деңгейдегі қайраткерлік қызметіне тәуелсіз Қазақстанның ұлттық мүддесіне сай тұрғыдан объективті баға берілуінің бастауы 1997 жылы Жәңгір хан кесенесінің салтанатты ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатынасуынан көрініс табады.



Жәңгір ханның ұйымдастыруымен Бөкей Ордасынан басталып, кейіннен бүкіл Қазақстан жеріне таралған жәрмеңкелер еліміздің сол тұстағы экономикасының дамуындағы ерекше құбылыс болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдығына орай оқырмандар назарына ұсынылып отырған осы кітап Бөкей Ордасының тарихында ерекше орын алатын Ішкі Бөкей Ордасындағы Жәңгір хан жәрмеңкесінің тарихына арналған.

Кітап авторы тарих ғылымдарының кандидаты Беркін Құрманбеков нақты деректер негізінде Жәңгір хан жәрмеңкесінің тарихын зерделеп, оқырман қауымының, әсіресе еліміздің болашағы – жастардың тарихи санасын жаңғыртатын еңбек жазып, келелі іс тындырғанын атап өткім келеді.

Бөкей Ордасының 210 жылдығы Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 20 жылдығымен тұспа – тұс келіп отырғаны тарихымыздың сабақтастығының дәлелі болып табылады.

Барша Қазақстандықтарға, Бөкей Ордасының халқына осы мерейлі тойлар тұсында ұзақ және бақытты өмір, жасампаз еңбек, шығармашылық табыс тілеймін!

Тойларыңыз тойға ұласа берсін!

**Бөкей Ордасы ауданының әкімі  
Карин Рахман Оразұлы.**

## КІРІСПЕ

Ел тізгінін көненің жаңамен ауысатын тұсында ұстаған Жәңгір хан алдында екі таңдау тұрды: алғашқы таңдау бойынша әкесі Бөкейдің жолымен жүріп, қазақ қоғамының бұрынғы саяси – экономикалық, әлеуметтік дәстүрін жалғастыру болса, екіншісі қазақ жұртшылығына беймәлім, бірақ өркениеттің биік деңгейіне жеткен елдердің үлгісімен дамудың капиталистік жолына түсу еді. Жәңгір хан заман талабына сай өркениет жолын таңдады. Жәңгір ханның осы таңдауын өз жұртында көпшілік түсінбеді. Даму жолын үлгі еткен көршілес мемлекеттің билеуші тобы қазақ елінің өзімен теңесіп, өркениет жолына түсуін қаламады. Өйткені, Ресей «бұратана» деп есептеген халықтардың өздерін қанауға ұшыратып, елінің табиғи ресурстары мен мал және егін шаруашылығы өнімдерін өз елінің шикі зат базасына айналдыруға тырысты.

Жәңгір ханның ел басқару тәсіліне деген екі ұдай пікірдің қалыптасуы, оның замана тоғысында дәстүрлік жолдан бас тартып, жаңашылдық (новатор) бағыт ұстап, Бөкей Ордасында жаңа саяси – экономикалық және әлеуметтік үрдіс қалыптастыруынан келіп туындайды.

Жерге жеке меншік орнатуда жіберген қателіктеріне байланысты Жәңгір өз жұртының қарсылығына ұшырады. Бұл тұрғыдан оның өмірі қайшылыққа толы болғаны белгілі.

Тарихшы профессор Е.Бекмаханов: «Тарих рецептпен жасалмайды. Оқиғаларды бағалағанда біз тарихшы ретінде нақты тарихи жағдайларға, қолдағы бар деректерге сүйенуіміз керек. Не нәрсенің де мәнін түсінуге бастайтын кілт – сол» деп жазған болатын.

Осы тұрғыдан қарастырғанда Бөкей Ордасында жәрмеңкелер мен қазыналық мекемелердің ашылып, сауда қатынастарының дамуы, ел – жұртты мәдениет жолына бастайтын жаңа типтегі мектеп жүйесінің қалыптасуы, өркениет белгісі ретінде өмірге келген архив, музей, егін және мал шаруашылығының интенсивті дамуына әсер еткен бағыттарда жүзеге асырылған іс шаралар тұрғысынан алғанда Жәңгір хан сөз жоқ, пассионарлық тұлға болып табылады.

## БӨКЕЙ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Кіші жүзде Бөкей Ордасының құрылуын М.Вяткин жердің тарлығы, шаруашылық дағдарысы, (1) В.Шахматов патша үкіметінің орталық саясатының нәтижесі деп түсіндіреді. (2)

Астрахань өлкесінің аумағында Бөкей Ордасының құрылуының қысқаша тарихы мынадай:

XVIII ғасырдың соңында Қазақ даласында хан тағы үшін сұлтандар арасында талас күшейді. 1749 жылы Кіші жүз ханы болып сайланған Нұралының

кіші ұлдарының бірі Бөкей сұлтан, хан тағына ие болу мүмкіншілігінің болмауын сезініп, 1799 жылы Астрахань казак полкінің командирі Поповтың кеңесімен Ресей үкіметіне өзіне Орал (Жайық) өзені мен Волга (Еділ) өзенінің арасындағы 1771 жылы Еділ қалмақтарының (Қытай жеріне) өздерінің тарихи Отанына кері қайтуына байланысты босап қалған жерге көшіп баруға рұқсат ету туралы Астрахан губернаторы Кноринг арқылы өтініш жасады. 1801 жылы 11 наурызда І Павел: «Қырғыз – қайсақтардың Кіші Ордасының хан кеңесінде төрағалық етуші, Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтанды өзіме ықыласпен қабылдаймын, қай жерді қаласа, сонда көшуге рұқсат етемін және менің мархабатымның белгісі ретінде оған өзімнің суретім бар алтын медаль сыйлаймын» деген жарлық шығарды. (3) 1801 жылы Ресей императоры І Павелдің рұқсатын алған соң, Еділ бойындағы ең далаға Бөкей сұлтан бастаған 5 мың шаңырақ, шамамен 22775 адам көшіп барды. Кейінірек тағы да 1265 шаңырақ құраған 8333 казак қоңыс аударып, Азиядан Европаға халықтардың ұлы көшін аяқтаған болатын.

Бөкей сұлтанмен Еділ бойына көшкен қазақтар негізінен 12 ата Байұлы тайпалары мен Жеті ру тайпасының 3 руының және 6 ата Әлімнің 1 руының өкілдері еді.

Харузин пікірі бойынша осы Бөкей Ордасының топырағында тағы да жаңадан 4 ру пайда болған. Сонымен қатар Бөкей Ордасында шамалы қарақалпақтар болып, олар Талов және Торғын бөлімдерінде, барлығы 80 шаңырақтай, жергілікті қазақтар-

араласып кеткен. Бұлардан басқа Ордада, орыстар мен армяндардан бөлек, әр түрлі татар, бұқарлықтар мен хиуалықтар да тұрған.

1806 жылы 19 мамырда Орданың шекарасы белгіленді. (4)

1806 жылы Бөкейлік қазақтарға Орал (Жайық) өзенінен Боғдаға дейін, одан әрі Чапчачи арқылы қалмақ көштеріне жанаспай теңізге дейін көшіп баруға рұқсат етілді.

Жаңа жерге қоныс аударған қазақтарды билеудің өзіндік жүйесі қалыптасып, 1812 жылы 1 мамырда Ресей патшасы I Александр арнайы грамотасымен Бөкей сұлтан Қырғыз - Қайсақтардың Кіші Ордасының ханы болып тағайындалды. Бөкей хан 1815 жылы қайтыс болды. Оның артында 3 ұлы қалып, Жәңгір хан Ішкі Бөкей Ордасының хан тағына 1823 жылы 22 маусымда отырып, 1824 жылы 26 маусымда Ресей патшасының жарлығымен Бөкей Ордасының ханы болып Орданы 1845 – жылға дейін биледі. 1828 жылы Жәңгір хан жанынынан 12 биден тұратын кеңес құрылды. (5)

Әкімшілік тұрғыдан Бөкей Ордасы 7 бөліктен құралған. Бөліктер өз кезегінде старшындықтарға бөлінген.

1828 жылы Жайықтың арғы бетіне қазақтардың өте көп көшіп баруына байланысты, жердің тарылуы себепті, патша үкіметі қазақтарға одан әрі қоныс аударуға тиым салды.



## ІШКІ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ ДАМУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Сауда қатынастарының, оның ішінде жәрмеңке саудасының дамуы үшін, негізінен мынадай алғы шарттар қалыптасуы қажет:

1. Жәрмеңке ашылатын территорияның географиялық және климаттық жағдайларының сауда қатынастарының дамуына өте қолайлы болуы.

2. Жәрмеңкеде сатылатын товарларды сатып алатын тұрақты сұраныс иесі – жергілікті халықтың жеткілікті болуы.

3. Жәрмеңкелерде сатылатын товарлардың басым бөлігі, яғни товар айналымының негізін құрайтын мал санының және мал өнімдерінің саудагер – көпестердің сұранысына толығымен сай келуі.

4. Жәрмеңке орналасқан жердің табиғи қолайлығы және негізгі сатып алушы – клиенттердің – көші - қон жолына жақын болуы.

5. Жәрмеңкеде товар сататын саудагер көпестердің товар әкеліп сатуға және айырбастауға қолайлы жағдайлардың қалыптасуы.

Осы тұрғыдан алып қарағанда XIX – ғасырдың алғашқы ширегінде Бөкей Ордасында аталған алғы – шарттар, толығымен қалыптасқан еді. Енді осы табиғи әлеуметтік – экономикалық мәселелерді қарастырайық.

## Географиялық жағдайы

Э.А.Эверсман 1828 – 1829 жылдары Г.С.Карелинмен бірге Бөкей Ордасының географиялық жағдайын зерттеп, көптеген құнды материалдар жинады.

Зерттеуші Г.С.Карелин Жәңгір хан ставкасында тұрып, Бөкей Ордасының ірі масштабты картасын жасады. (1)

1830 жылы Жәңгір хан инженер Тафаевқа Еділ – Жайық екі өзен аралығының топономикалық картасын салдырған.

1834 жылы 23 сәуірде Тарту университетінің профессоры Фриедеман Гебель және химик – ғалым Александр Бергманмен бірге Жәңгір хан ставкасында болған биолог ғалым Карл Клаус Тафаев картасын өте дәлдікпен көшіріп алған.

Осы карта Гебельдің Тартуда жарық көрген «Оңтүстік Россия далаларына саяхат» деп аталатын еңбегінің екінші томының сегізінші тарауына енген «Еділ – Жайық өзендері аралығындағы казак даласы» деген атпен жазылған ғылыми сипаттамаға Тафаев салған карта қосымша ретінде берілген.

Сөйтіп Ішкі Бөкей Ордасын Ресей үкіметінің тапсырмасымен орыс ғалымдары географиялық тұрғыдан толық зерттеді.

Осы ғылыми географиялық зерттеу негізінде Ішкі Бөкей Ордасының географиялық сипаттамасы мынадай болған еді.

Бөкей Ордасы Ресей империясының Астрахан өлкесінің құрамында Еділдің сол жағалауында орналасты.

Солтүстікте Самара губерниясымен, шығыста Орал облысымен, оңтүстікте Каспий теңізімен, батыста Астрахан облысының Царев, Енотаев және Краснояр уездерімен шектесті. Бөкей Ордасының жер көлемі Астрахань межелеу бөлімінің есебі бойынша 68205 шаршы шақырым, немесе 716967 десятина құраған. Осы жер көлемінің ішінде шаруашылыққа жарамдысы 6563959 десятина, егістік пен шабындық – 1019473 десятина, жайылымы – 5544486 десятина жер болды. Ордадағы шаруашылыққа мүлде жарамсыз жер көлемі – 543008 десятина деп есептелінеді. (2)

Бөкей Ордасында үлкен тау жоқ, тек қана жергілікті қазақтар Боғда тауы деп аталатын төбелер жүйесінің биіктігі 96 фут құрайды.

Бөкей Ордасының территориясымен 2 кішігірім өзен ағады Кіші өзен және Ащы өзен аңғарлары Бөкей Ордасының солтүстік – шығыс бөлігін қамтиды. Кіші өзен, Жаңа өзен уезінің шекарасын бойлай ағып Бөкей Ордасының жеріне кіріп, Миялының тұсында оңтүстік – шығысқа бұрылып, Талов бөлігінің 80 шақырымдық жерімен ағып өтіп. Қамыс Самар бөлігінің территориясында Қамыс Самар көліне келіп құяды. Өзеннің ені әр тұста 2 – 20 сажын аралығында болған.

Ащы өзені Самара шекарасынан басталып, 120 шақырым бойында Торғын және Талов бөліктерінің табиғи шекарасы ретінде оңтүстік шығысқа қарай ағып, Арал сор көліне келіп құяды.

Бөкей Ордасының Хан ставкасына жақын жерде қар суын бөгеу арқылы Бүлдіргенді су қойма-

сы жасалынған. Бүлдіргенді бөгеті Торғын бөлігінің оңтүстік – батыс бөлігінде орналасқан.

(3)

### Халқы

Бөкей Ордасында ресми түрде санақ жүргізілмеген. Әдетте 1 шаңырақта 5 адам болады деп есептелінеді. Ресми статистикалық мәліметтер бойынша Бөкей Ордасы 7 бөлік, 85 старшындыққа бөлініп, жалпы жер көлемі 66919 шаршы шақырым (верст) құраған. Тұрғындардың жалпы саны 216850 адам, (122868ер, 93982 әйел)

М.Құлкенов пен Р.Отарбаевтың Алматыдан 1992 жылы шығарған «Жәңгір хан» деп аталатын кітапшасында 1864 жылы М.Достоевскийдің қолдауымен Петербургте шығарылған «Эпоха» журналының № 11 санында жарияланған «Внутренняя или Букеевская Киргизская Орда» деген мақаланың негізінде Бөкей Ордасының халқы туралы мынадай деректер келтірген:

1801 жылы Бөкей Ордасын қоныстанған рулар саны:

- «Адайлар -1503 шаңырақ
- Алашалар – 2640 шаңырақ
- Байбақтылар -3205 шаңырақ
- Беріштер – 5085 шаңырақ
- Жаппастар – 904 шаңырақ
- Есентемірлер – 486 шаңырақ
- Ысықтар – 669 шаңырақ
- Қызылқұрттар – 825 шаңырақ

Кетелер – 411 шаңырақ  
Масқарлар – 61 шаңырақ  
Ноғайлар – 1095 шаңырақ  
Таздар – 121 шаңырақ  
Таналар – 1281 шаңырақ  
Шеркештер – 2759 шаңырақ  
Төлеңгіттер – 665 шаңырақ  
Қожалар – 179 шаңырақ

Сонымен бірге төрелер, ру басылары мен олардың туыстары – 215 шаңырақ. Барлығы – 23 мың 598 шаңырақ». (1)

М.Мұқанов деректері бойынша «алғашқыда Бөкей сұлтанмен бірге Жайық – Еділ өзендерінің аралығына 5 мың шаңырақ, негізінен Байұлы тайпасының көшпелі қауымдары өтті. 1803 жылға қарай, олардың саны 7,5 мыңға жетті.

Жәңгір хан билеген тұста Ордада 16550 шаңырақ болды. (2)

Белгілі тарихшы М.Н.Сдыков Батыс Қазақстанның тұрғындарының тарихы (История населения Западного Казахстана) деп аталатын еңбегінде бірнеше автордың жинаған әр түрлі деректерінің негізінде Бөкей ордасындағы қазақ халқының 1802 – 1868 жылдар арасындағы саны туралы мынадай кесте (таблица) құрастырған:

Жылдар	Шаңырақ саны	Адам саны
1802	6265	31105
1819	13762	96334
1825	14000	52000
1835	16500	99330
1841	26759	133795
1857	31000	100000
1859	26759	133795
1868	29113	145795

Осы деректер бойынша Бөкей Ордасы құрылған кезде қазақтар саны 31 105 болса, Жәңгір хан тұсында жәрмеңке ашылған кезде қазақ саны 3 есе артып 99330 – ға жеткен. Ал, 1868 жылы Бөкей Ордасындағы қазақ саны 145 795 болды. (3)

Сөйтіп Бөкейліктегі қазақтар санының 1802 – 1868 жылдар арасында 4,5 – 5 есеге өскені байқалады. Бөкей Ордасында басқа ұлттардың да өкілдері қазақтармен бірге өмір сүрді. Өзге ұлт өкілдері Хан ставкасында, Каспий, Ахтуба, Эльтон және Жаңаөзен линияларында (шептерінде) қоныстанды.

1851 жылы Хан ставкасында – Ордада 494 адам тұрды. Оның ішінде:

Қазақтар мен татарлар – 346

Орыстар – 120

Армяндар – 15

Башқұрттар – 13.

Сонымен қатар әскери (линияларда) шептерде

1 мың орал және астрахан казактары әскери (қызмет) міндеттерін өтеді.

1851 жылы Бөкей Ордасының территориясында және оған шектес жерлерде 145795 қазақ өмір сүрді, казактар барлық тұрғындардың 99,3% құрады. Осы жылы Бөкей Ордасындағы басқа ұлттар саны 1176 – ға жетіп, барлық халықтың тек қана 0,7% құраған болатын. Зерттеуші – ғалым Н.Садыков өз еңбегінде қосымша мынадай деректер келтіреді: «XIX ғасырдың ортасынан бастап қос өзен аралығындағы халықтардың ұлттық құрамы өзгере бастады. Астрахан губерниясының арендаға алынған жерлерінде 68810 қазақ көшіп жүрді. Ахтуба өзенінің құйылысында және Волга өзенінің таулы бөлігінде 2500 түрікмен және 379 каракалпақтар көшпелі өмір сүрді. Олар бұл өңірге 1855 жылы қоныстандырылған болатын. Астрахан қаласының түбінде 19 елді мекенде жергілікті татарлар қоныстанды, олардың жалпы саны 21678 – ге жетті. Еділ мен Жайық аралығында қараноғайлар немесе Кундровтық татарлардың найман, қыпшак және терік деп аталатын 3 руының 11390 адамы орналасты. Каспий теңізінің жағалауында 262 крепостной шаруалар князь Н.Юсуповтың қарамағында өмір сүрді. (4)

Сөйтіп, Бөкей Ордасы мен оған көршілес екі өзен аралығындағы халық саны 234356 адамды құрады».

Тарихшы – демограф ғалым Н.Сдыков Бөкей Ордасындағы халық санының өсу динамикасын мына кесте (таблица) (5) арқылы көрсетеді:

территория	1830		1860	
	халық саны	қазақтар саны	халық саны	қазақтар саны
Бөкей Ордасы	100,5 мың	99,3 мың	146,9 мың	145,7 мың

Сонымен бірге өз еңбегінде зерттеуші ғалым Н.Сдыков XIX ғасырдың соңғы 30 жылдығында Бөкей Ордасындағы халықтың ұлттық құрамы туралы мынадай деректер (6) келтіреді:

Халық саны	1870 (мың)	1897 (мың)
Барлығы	155,7	214,8
Қазақтар	154,7	207,2
Орыстар	1,2	6,6
Басқа ұлттар	-	1,0

Ресми мәліметтер бойынша 1890 жылы Бөкей Ордасында тұрғындар саны мынадай болды: (7)



	Стар- шындық тар саны	Жер көлемі кв. верст	Шаңы- рақ саны	Тұрғындар саны		
				ер	әйел	бар- лығы
Қалмақ	7	7017	3954	9700	10715	20415
Торғын	12	9116	6140	13147	13160	26307
Талов	8	8507	5176	15528	10352	25880
Қамыс – Самар	16	11605	9141	27423	18282	45705
Нарын	12	8605	5775	14363	12279	26642
№1 округ	16	11852	7409	16850	11958	28800
№2 округ	14	10172	8619	25857	17238	43095
барлығы	85	66919	46214	122868	93982	216850

«Бөкей орда тарихы» деп аталынатын ұжым-дық еңбекте (Орал – 2001) Бөкей Ордасының халқы туралы мынадай мәлімет келтірілген:

«1895 жылы хандықта 52129 шаңырақ, 260645 адам болса, 1909 жылғы 5 наурыздағы уақытша Кеңес мәліметі бойынша хандық халқының бөлімдер бойынша орналасуы төмендегідей болған: (8)

1. Қамыс Самар бөлімінде – 57556
2. Нарын бөлімінде – 31238
3. Талов бөлімінде – 36510
4. Қалмақ бөлімінде – 19485
5. Торғын бөлімінде – 31752
- 6.1 – ші Теңіз округінде – 41915
- 7.2 – ші Теңіз округінде – 29905

Барлығы – 248361.

Осы ұжымдық еңбекте Бөкей Ордасындағы отырықшы халықтың саны жөнінде мынадай деректер көрсетіледі:

«XIX ғасырдың соңында Хан ставкасында – 2616 адам, Ново Казанкада – 1178 адам, Таловкада – 1159 адам тұрып, тұрғындар ішінде:

Қазақтар – 2595 адам

Татарлар – 1143 адам

Орыстар – 906 адамға жеткен.

Сауда орындарының саны – 415

Товар айналымы – 238.130.000 рубль. (9)

Қазақ халқының санының осындай қарқынмен өсуі Бөкей Ордасында сауда – қатынастарының дамуына өзінің игі әсерін тигізді.

### Елді мекендер

Бөкей Ордасында сауда – сағтық жасауға қолайлы бірнеше елді мекендер болды. Солардың ішінде ең ірісі – Хан ставкасы. (Қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы ауданындағы Орда поселкасы) болып табылады. Хан ставкасы Нарын құмының солтүстік – шығыстағы аяқ тұсындағы Жаскүс шатқалында (урочище) орналасқан. Хан ставкасы орналасқан жердің табиғаты өте тамаша: айнала қоршаған орман, бұлақ және көлдер.

1824-жылы әкесі Бөкейдің орнына Жәңгір тағайындалып арнайы указбен хан атағын алды да, Жәңгір екі өзен аралығындағы Самар даласында хандық билігін жүргізді. Жәңгір хан Ресей императорының коронация салтанатына қатынасып, бірінші Николай патшаның қабылдауында болып,

резиденция салуға өтініш жасап, Ресей патшасы осы өтінішті қабыл алып, құрылыс жұмыстары үшін 36 102 сом 70 тиын қаражат бөліп, құрылыс материалдары мен архитектор мәселесін шешуді Орынбор губернаторына тапсырды. 1826-жылы Орынборлық архитектор Тафаев бастаған Ресей құрылысшылары Жаскұс құмының батыс бетінде Жәңгір хан резиденциясы - Орда селосының негізін салды.

Хан ставкасының негізі 1827 жылы қаланған, бұл уақыт Жәңгір ханның Нарын құмында тұңғыш рет ағаштан салынған үй тұрғызған мезгіліне тұстас келді.

1828 жылы 17 қаңтарда Жәңгір хан өзіне арналып салынған құрылыс комплексінің (кешенінің) аяқталғаны туралы инженер Тафеев құрастырған актіге қол қойды. Жалпы құрылысқа 38.102 рубль ақша жұмсалып, жоспар бойынша үкіметтен бөлінген 10 мың күміс рубль көлеміне тең қаражат игерілді.

Хан ставкасында ағаштан салынған 185 үй, саманнан тұрғызылған 290 үйлерде 1242 адам (707 ер, 535 әйел) тұрды. Жалпы тұрғындардың 367 – сі қазақтар (198 ер, 169 әйел) болды.

Хан ставкасындағы тұрғындардың көбісі сауда – саттықпен айналысатын татарлар, олардың жалпы саны – 547 (327 ер, 224 әйел) еді.

Хан ставкасында 1869 жылы ашылған, ағаштан салынған 1 православие (христиан) шіркеуі, бұзылып пайдалануға жарамай қалған бұрынғы мешіттің орынына 1888 жылы тұрғызылған 1 мұсылман мешіті бар. Сонымен қатар Хан став-

кассында аурухана, мектептер, казактар командасының казармасы, түрме және 170 әр түрлі мекемелер болды. Тұрғындарының саны 2500 адам.

Алғашында үй құрылысы өте шабан жүрді. 1832 жылы Хан ставкасында жәрмеңке ашуға рұқсат берілген соң жергілікті және жаңадан көшіп келіп қоныстанушылардың арасында ағаштан және саман кірпіштен үй салушылар көбейе түсті.

Ең бірінші салынған Жәңгір хан үйінің жанынан бірнеше сұлтандар үй тұрғызып, осы жерде жаңа поселка – елді мекен орнады да, осы арада әкімшілік орталығы мен сауда орталығы қалыптасты.

Хан ставкасы алғашында өте баяу дамыды. Бірақ 1842 жылдан бастап, хан ставкасының даму қарқыны жеделдеп, 1846 жылы Хан ставкасында салынған 89 үйдің жай қарапайым тұрғындар салған үй саны 41 – ге жетті. Әсіресе қыстауларда үйлер мен жертөлелер (землянка) салу табысты жүрді. Жәңгір ханның тұсында – ақ қыстауларда салынған осындай құрлыстар саны 1 мыңнан асты, сөйтіп, Бөкейлік қазақтар көшпенділіктен жартылай көшпенділік өмір салтына ауысты.

Хан ставкасы тез арада кішкентай қалашыққа айналып, қазақ, татар және орыстардың қонысына айналды. Сауда орындары бой көтерді. Кейінірек Хан ставкасын көшкін құм басып, елдің құрылыспен айналысуына байланысты жақын жерлердегі орман ағаштарының кесіліп бітуіне сәйкес Хан Ордасын жаңа орынға көшіру мәселесі көтеріле бастады. Сөйтіп 1871 жылы бұрынғы Глининск форпостының орнына Хан ставкасынан 180 шақы-

рым жерде Орал облысының шекарасына жақын тұстан Новая Казанка елді мекенінің ірге тасы қаланды. 1880 жылы Новая Казанка өте елеулі сауда орталығына айналды. 1889 жылы Новая Казанкада 190 тұрғын үйлер мен 106 әр түрлі (мекемелер) ғимараттар бой көтерді. Новая Казанка тұрғындарының жалпы саны 916 – ға жетті (496 ер, 420 әйел). Қалашықта негізінен татарлар, қазақтар мен орыстар қоныстанған. Саны жағынан татарлар көпшілікті құрайды. Татарлар саны 485 болса, қазақтар саны 400 – ге жетті, орыстар тек қана 31 болды.

Поселкедең негізгі әлеуметтік ғимараттар – 1 намаз үй (молитвенный дом), 2 учаскелік орыс – қазақ мектептері бой көтерді.

Бөкей Ордасындағы тағы бір елді мекен Таловка бұрынғы Таловск форпостының орнында пайда болды. Ол Хан сатавкасынан 120 шақырым жерде, Кіші өзен бойында бой көтерген Таловка 1885 жылдан бастап өркендей бастады. Таловкада 91 тұрғын үй, 21 басқа да әлеуметтік сипаттағы ғимараттар тұрғызылды. Сонымен қатар 1 намаз үйі, орыс – қазақ мектебі ашылды. Таловканың тұрғындар саны 586 – ға жетіп (305 ер, 281 әйел), бұл елді мекенді 339 қазақ, 198 татар, 49 орыс қоныстанды.

### Мал шаруашылығы

Сауда саттықтың дамуы Бөкей Ордасында мал шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты болды. Патша үкіметінің отаршылдық саясатына

сәйкес Ішкі Бөкей Ордасының халқының иелігіндегі өте көп мал Ресей империясының өнеркәсібінің қажеттілігіне қызмет етуі керек еді.

Я.Ханыков деректеріне сәйкес Бөкей хандығында мал саны мынадай болды:

Жылдар	Түйе	Жылқы	Сиыр	Қой	Барлық мал саны
1803	-	-	-	-	2 млн. астам
1814	63 338	350 562	135 856	1 476 0856	2026 704
1825	51850	491 100	105 100	1924 000	2 572 050
1830	45 000	250 000	150 000	1500 000	1945 000
1839	91 000	300 000	180 000	1500 000	2071 000

1814 жылы Бөкей ханның деректеріне сай Ордадан Ресейге 41242 жылқы, 16302 сиыр, 277 мың қой, 14066 ешкі, барлығы 348710 бас мал сатылған. (1) 1819 жылы Орда халқының мал басы 5 миллионға жетті. (2)

Ішкі Бөкей Ордасының сұлтан – правительы Шығай мәліметіне сәйкес 1824- жылы 277 100 қой Ресейдің Ішкі губернияларына товарға айырбастауға айдалған. 1824- жылы Ордадан мануфактура департаментінің мәліметтеріне қарағанда 400 мың қой, 3 мың жылқы айдалып,

2925 мың рубльге бағаланған мал өнімдері жөнелтілген. (3)

Қазақтардың негізгі байлығы, олардың иелігіндегі төрт түлік мал болғандықтан Бөкей Ордасында мал шаруашылығының дамуына басты назар

аударылды. Мал санының басына сай салық төлендіктен Бөкей Ордасында 2 – 3 жыл сайын мал санағы жүргізіліп, мал санына сәйкес салық мөлшері белгіленіп отырды. Мал иесінің меншігіндегі мал түріне байланысты мынадай салық мөлшері белгіленді: Әрбір жылқы мен түйеге 28 тиын, ірі қара малға – 14 тиын, қой мен ешкінің басына - 4 тиын салық салынды.

Орынбор губернаторының есебі бойынша 1825-жылы Бөкей Ордасының тұрғындары иелігінде: 51 мың түйе, 491 мың жылқы, 105 мың ірі қара, 1 924 мың қой-ешкі барлығы: 2 572 мал болған. (4)

Бөкей Ордасында 1827 жылы (жұт) қыстың қолайсыздығынан 1000 түйе, 28000 жылқы, 73000 сиыр және 1 миллионға жуық қой қырылды. Ал 1849 жылғы жұт кезінде Бөкейліктер 400 000 сиырдан айрылды.

Осы есептің деректеріне қарағанда 1850 жылы Ішкі Бөкей Ордасындағы мал саны мынадай: түйе 60 мың, жылқы 330 мың, мүйізді ірі қара - 250 мың, ұсақ мал (қой-ешкі) - 1 200 мың, барлығы 1840 мың. 1825 жылмен салыстырғанда мал басы 27%-ке кеміген. 1825 жылы Бөкей Ордасының қазақтары 41 242 жылқы, 16 802 мүйізді ірі қара, 227 100 қой, 14 066 ешкі, барлығы - 349 210 бас мал сатты. (5)

Ордада 1878 жылы мал басы 1713645-ке жетті. Оның ішінде сиыр – 217093, түйе – 60264, жылқы – 248381, қой, ешкі – 1187907. (6)

1889 – 1891 жылдар арасындағы 3 жылда 176416 рубль салық төлемі белгіленіп, әр шаңырақтан орта есеппен 3 рубль 85 тиын жиналды.

Бөкей Ордасында 1889 жылы мал саны мынадай болған:

Түйе – 87708

Жылқы – 198236

Сиыр – 329604

Қой мен ешкі – 1256745

Барлығы – 1872298.

Осы көрсетілген барлық мал санын Бөкей Ордасындағы шаңыраққа бөлгенде, орта есеппен әр шаңыраққа 40,7 бас малдан келеді.

Нарын бөлігінде әр шаңыраққа 48 бас малдан келсе, Қалмақ бөлігінде әр шаңырақта 46,8 бас мал болған.

Мал басы аздау деп есептелетін округтердің өзінде әр шаңырақ 35,5 бас мал иеленді.

Түйе оңтүстікке таман округтерде көп өсірілген.

Өзен – көл жағасын қоныстанған Бөкейлік қазақтар балық аулау кәсібімен шұғылданған. Бұл кәсіп Примор округінің қазақтары арасында ерекше дамыды. Екінші Примор округінде Балық аулау және өңдеу кәсіпшілігінде 4200 адам жалданып жұмыс істеді 1889 жылы қазақтар теңіз жағалауынан ватаға үшін 105 участокті жалға алып, балық аулау үшін 304 билет (рұқсат қағаз) алған.

Қамыс Самар көліндегі арендаға алынған аймақта 18 балық аулау шаруашылығы жұмыс жасап, жұмысқа жалданған адамдар саны 279 болды. Нарын бөлігінде көктемде балық аулауға 700 – ден астам адам жалданған.

Бөкей Ордасынның қазақтары мал және мал өнімдерін Астрахан қаласы мен губерниясында,